"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

01.03.2018 №03-15/944

«ДамуСапа Құрылыс-торг» ЖШС-нің директоры А.К.Карабаевқа

ОҚО, Шымкент қаласы, Тәжібаев көшесі 66 Б үй.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 10 ақпандағы №13 және №13-1 өтініштеріңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы «Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №2138085-1 «№2 колледжіне азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Аталған мемлекеттік сатып алулардың техникалық ерекшеліктерінің 3 тармағына сәйкес *«Тамақ өнімдерін сақтау жайына санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының»* болуы талап етілген.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының (*әрі қарай – Қағида*) 137 тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде, әлеуетті өнім берушілерді, конкурстық комиссияның алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді делінген.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «ДамуСапа Құрылыс-торг» ЖШС-гі конкурстық өтінімдерін ұсынған барлық лоттары бойынша конкурс комиссия мүшелері конкурсқа қатысуға рұқсат бермеу себептерінің бірі *«Тамақ өнімдерін сақтау жайына санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды ұсынылмаған және жайды жалға берушінің меншік құқығы расталмаған»* деген себептермен рұқсат бермеу шешімін қабылдаған.

Ал, қорытындылар туралы хаттамаларына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ДамуСапа Құрылыс-торг» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін *«ҚҚ-ның 2-қосымшасының талабы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы "Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын өнімдермен және эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы" № 414 бұйрығына сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын эпидемиялық маңызы бар объектілердің қатарына жататын және "Nurbek" ЖШСінен обектіні жалға алу келісім шартының 3.4.5. тармағына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау өңдеу орнына санитарлық-эпидемиологиялық құжаты ұсынылмаған»* деген себептермен рұқсат берілмеген.

Яғни, конкурстық комиссия мүшелері Қағиданың 126 тармағына сәйкес алдын ала рұқсат беру хаттамаларында әлеуетті өнім беруші «ДамуСапа Құрылыс-торг» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін техникалық ерекшеліктерде талап етілген талапқа сай

келмейтіндігін көрсетіп, конкурстық өтінімдерін конкурстық құжаттамалар және біліктілік талаптарына сәйкестендіру құқығын бергендігі анықталды.

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «ДамуСапа Құрылыс-торг» ЖШС-гі конкурстық өтінімдерін конкурстық құжаттамалар және біліктілік талаптарына сәйкестендіру құқығын пайдаланып, «Өтеген» ЖШС-нен 2018 жылғы 22 қаңтардағы №5 келісім-шарты негізінде *Шымкент қаласы, Төле би көшесі, №6 мекен-жайда* орналасқан қойманы жалға алу келісім-шартын және санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысын №15344947-ОК1 лоты бойынша ғана ұсынғаны анықталды.

Осыған орай, Департамент тарапынан жоғарыда аталған лот бойынша ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Басшының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.:Сейдуллаев Е.
Тел: 35-06-06